

Бекітемін:

Н.И.Ғайып «Ақбөбек» балабақшасы
Әдіскері: Бадр Ж. Балғабаева
30 қаңтар 2026 жыл

Білім беру ұйымы: «Ақбөбек» балабақшасы

Топ: «Жұлдыз» ересек тобы

Балалардың жасы: 4 жастан

Педагогтың аты-жөні: Бупжанова Т.Д

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Ақпан айы 2026 жыл 1 апта

Ақпан жасампаздық пен жаңашылдық айы

Өзі туралы, қоршаған әлем туралы және ондағы орны туралы қарапайым түсініктің болуы

Шығармашылық қиялға негізделген өнертабысқа қызығушылық таныту Сурет салуға, модельдеуге, дизайнға қызығушылық таныту Тапсырмаларға шығармашылықпен қарау, өз шешімдері мен идеяларын ұсыну Алған білімдерін жаңа нәрсе жасау үшін қолдану Жаңа тәсілдемелер мен технологияларды қолдануды талап ететін балалар жобаларына қатысуға дайын болу

Күн тәртібі	Дүйсенбі 02.02.2026 ж	Сейсенбі 03.02.2026 ж	Сәрсенбі 04.02.2026 ж	Бейсенбі 05.02.2026ж	Жұма 06.02.2026 ж
Балаларды қабылдау	Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу Күй күмбірі				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру; ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз.				

	Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз. Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз. Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді. Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз.				
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	Ерте кәсіптік бағдар Сюжеттік рөлдік ойын, Қаржылық сауаттылық «Ақша не үшін керек?» Балалар жүргізуші болады. Жолаушы мінеді. Жол ақысы ретінде 1 жетон береді. Тәрбиеші сұрайды: Ақшаны лақтыруға бола ма? Артық алуға бола ма?	Адалдық әліппесі «Адал жүргізуші» Жүргізушіге 1 жетон беріледі. Тәрбиеші әдейі: Екі жетон алсаң болады дейді. Балалар: Жоқ, адал болу керек.	Құқықтық сауаттылық «Бағдаршам бізге дос» Мазмұны: Көліктер бағдаршаммен қозғалады. Қызыл тоқтайды Жасыл жүреді Нәтиже: Ереже бәріне ортақ екенін түсінеді.	«Экологиялық тәрбие, қоршаған әлеммен таныстыру Неге бұлай болды?» Тәрбиеші сұрақтар қояды: Жел соққанда не болды? (жапырақтар түсті) Суықта қар неге мұзға айналды? Балалар өз ойларын айтады. Себеп-салдар байланысы	«Экологиялық тәрбие, қоршаған әлеммен таныстыру «Зерттеуші балалар» Балалар шағын тәжірибе жасайды: Қар еріді → су болды Су қатты → мұз болды Құм құрғақ/дымқыл Тас қатты, ауыр Зерттеу, эксперимент
Ертеңгілік жаттығу	«Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату, бірге орындау, жаттату Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Ақпан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау. Міндеті: Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен тұру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері				

Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру					
Кестеге сәйкес ҮІӨ	Дене тәрбиесі Жалпы дамытушы жаттығулар Қолды алға және артқа кең сермеу, қозғалысты толық амплитудада орындау. Қолды иыққа қойып, шынтақтарды айналдыру, иық белдеуін қыздыру. Қолды алға созып, саусақтарды жылдам және баяу қарқында жұму-ашу. Етпетінен жатып басын, иығын, қолдарын көтеріп 5 секунд ұстап тұру. Қатарынан 5–6 рет жартылай отыру, арқа түзу сақталады. Негізгі қимылдар Допты заттардың арасымен дәл бағыттап домалату. Допты бір-біріне төменнен лақтыру және екі қолмен қағып алу. Ырғақтық жаттығулар Музыкамен кадамдап жүру, белгі бойынша жылдамдықты	Қазақ тілі Тақырып: «Теңіздер мен мұхиттар» Тілдік дамытушы орта Бейнелеу құралдарын, масқаларды және сахналық элементтерді қолдана отырып, теңіз жануарларының әртүрлі эмоционалды көңіл-күйін (қуанышты, қорыққан, таң қалған) жеткізуге баулу. Балалар еркін ойын кезінде кейіпкер рөлін таңдап, өзара диалогқа түседі. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Артикуляциялық және тыныс алу жаттығулары жүйелі орындалады. Қазақ тіліне тән ө, ү, ұ, қ,	Дене тәрбиесі Жалпы дамытушы жаттығулар Екі қолды белге қойып, екі жаққа созып отырып тұру. Тізені бүгу, алға созу, қайта бүгу және түсіру (әр аяқпен кезекпен). Негізгі қимылдар Допты 4–6 метр қашықтыққа дәл лақтыру. Көлденең нысанаға оң және сол қолмен лақтыру. Қимылды ойын «Кім дәл тигізеді?» – жеке және жұптық жарыс. Мәдени-гигиеналық дағдылар Қолды сабынмен дұрыс жуу, тырнақ тазалығын сақтау. Вариативтік компонент “Хореография” Маман жоспарымен	Музыка Музыка тыңдау Әртүрлі сипаттағы шығармалар тыңдалады. Балалар музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажыратады. Ән айту Ән сүйемелдеусіз (тәрбиешінің көмегімен) орындалады. Музыканың сипатын дауыс арқылы жеткізуге баулу. Музыкалық-ырғақтық қимылдар Таныс ән мазмұны бойынша қимылмен сахналау. Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау Барабанмен қарапайым ырғақты орындау. Билер Музыкамен үйлесімді қозғалу.	Дене тәрбиесі Жалпы дамытушы жаттығулар Жартылай отыруды 6–8 рет орындау. Саусақтарға арналған қарқынды жаттығулар. Негізгі қимылдар Тігінен қойылған нысанаға допты лақтыру. Допты бастан асыра екі қолмен лақтыру және қағып алу. Қимылды ойын «Нысанаға тигіз» – дәлдікке арналған ойын. Дербес қимыл белсенділігі Балалардың өз бетімен доппен түрлі қимыл ойлап табуы Вариативтік компонент “Хореография” Маман жоспарымен

	өзгерту. Қимылды ойын «Допты дәл жеткіз» – белгіленген жолмен допты жүргізу. Салауатты өмір салты Дене қыздырудың бұлшықетке пайдасы туралы түсіндіру. Вариативтік компонент “Хореография” Маман жоспарымен	ғ дыбыстарын жеке, буында және сөз ішінде анық айтуға жаттықтыру (мұхит, үлкен, толқын, қорқыныш). Сөздік қор Теңіз туралы қысқа ертегі оқылады. Балалар мазмұнын толық қабылдап, кейіпкерлердің көңіл-күйін сөзбен сипаттайды. Тілдің грамматикалық құрылымы Үлгі бойынша жай және жайылма сөйлемдер құрастыру: Үлкен кит баяу жүзеді. Көңілді балық ойнап жүр. Байланыстырып сөйлеу Балалар құрдасының жауабын тыңдап, сөйлемнің дұрыстығын немесе қатесін анықтайды. Өз нұсқасын			
--	--	--	--	--	--

ұсынып,
дәлелдеуге
үйренеді.
Музыка
Музыка тыңдау
Музыкалық
шығарма
тыңдатылады.
Балалар
музыканың
сипатын сезінеді
(ақырын – қатты,
баяу – жылдам).
Таныс шығарманы
тануға, алған
әсерлері туралы
қысқаша
өңгімелеуге
үйретіледі.
Ән айту
Әуені таныс ән
аспаптың
сүйемелдеуімен
орындалады.
Балалар әуенді
таза, сөздерін анық
айтуға үйренеді.
Музыкалық-
ырғақтық
жимылдар
Музыканың
сипатына сай
жимылдар
орындау.
Музыкадағы
өзгерістерді жимыл
арқылы жеткізу.
Балалардың

		музыкалық аспаптарында ойнау Барабанмен таныс әннің ырғағын қағып орындау. Билер Музыканың сипатына сәйкес шеңбер бойымен жүру			
	Апта дәйек сөзі Балықтың жаны – суда, мұхиттың жаны – ағыста. «Теңіз үлкен су айдыны» Коммуникативтік дағды (Тіл дамыту, қазақ тілі) Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Артикуляциялық жаттығулар: «Толқын», «Балық» (ерін, тіл қимылдары). Тыныс алу: мұрынмен дем алып, ауызбен баяу шығару. Дикция: «Терең теңізде толқын толқиды» сөйлемін анық, қалыпты қарқынмен айту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды (ө, ұ, Ұ, і) жеке және сөз ішінде	Теңіз жануарлары Тіл дамыту әрекеті: Такырыптық әңгіме: «Теңізде қандай жануарлар өмір сүреді?» Сөздер: балық, кит, дельфин, сегізаяқ, жүзеді. Балалар сөйлем құрайды: «Балық суда жүзіп жүр.» «Кит үлкен жануар.» Дыбыстармен жаттығу: «а», «т» дыбыстарын анық айту (қабыршақ, жағалау). Көркем әдебиет әрекеті: Өлең: Балық жүзеді суда	Мұхиттар теңіздерден үлкен Тіл дамыту әрекеті: Такырыптық әңгіме: «Мұхит қандай болады?» Сөздер: мұхит, өте үлкен, терең, алыс. Сөйлем құрау: «Мұхит өте үлкен.» Дыбыстармен жаттығу: «ө», «ф» дыбыстары. Көркем әдебиет әрекеті: Ертегі үзіндісі: «Алтын балық» Балалар кейіпкерлерді атайды. Қазақ тілі әрекеті: «Мұхит пен теңізді салыстыр» тапсырмасы. Үлгі сөйлемдер: «Мұхит үлкен.» «Теңіз кіші.» Математика негіздері әрекеті: Ұзын-қысқа ұғымдары.	Теңіздегі ауа райы Тіл дамыту әрекеті: Такырыптық әңгіме: «Теңіздегі ауа райы қандай болады?» Сөздер: жел, дауыл, толқын, тынық, суық, жылы. Балалар суретке қарап сөйлем құрайды: «Теңізде жел соқты.» «Толқын биік болды.» Сөз тіркестерімен жұмыс: қатты жел, үлкен толқын, тынық теңіз. Дыбыстармен жаттығу: «л», «р» дыбыстарын анық айту (жел, толқын, дауыл). Көркем әдебиет әрекеті: Өлең: Жел соқты да теңізде, Толқын ойнап келеді. Балалар өлең мазмұнын қимылмен көрсетеді (желдің соғуы, толқынның қозғалысы). Өлеңді тыңдау, мазмұнын	Теңізді қорғайық! Тіл дамыту әрекеті: Такырыптық әңгіме: «Теңізді қалай қорғаймыз?» Сөздер: таза, лас, қоқыс, қорғау, табиғат. Балалар сөйлем құрайды: «Теңізді таза ұстаймыз.» «Қоқыс тастамаймыз.» Байланыстырып сөйлеу: «Мен теңізді қорғаймын, себебі...» Көркем әдебиет әрекеті: Әңгіме: «Таза теңіз» (тәрбиеші оқиды). Балалар әңгіме мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді. Жақсы және жаман әрекеттерді ажырату. Қазақ тілі әрекеті: «Таза лас» сөздерін салыстырып қолдану.

		анық айту. Сөздік қор: Сын есімдер: үлкен, терең, көк, тұнық. Етістіктер: ағады, толқиды, жүзеді. Есімдіктер: мен, ол, біз. Сөз тіркестері: көк теңіз, терең су, үлкен толқын.	тез, Толқындайды көк теңіз. Балалар өлең мазмұнын қимылмен көрсетеді (жүзу қимылы). Қазақ тілі әрекеті: «Теңіз жануарларын ата»	«Тең-тең емес» салыстыру.	түсіну. Қазақ тілі әрекеті: «Теңіздегі ауа райын сипатта» тапсырмасы. Қазақ тіліне тән дыбыстарды (ұ, ү, ө) дұрыс айту. Үлгі сөйлемдер: «Жел соқты.» «Теңіз толқынды.» «Ауа райы суық.» Математика негіздері әрекеті: «Көп аз» ұғымы: толқындар саны. «Биік аласа» салыстыру. Кеністікте бағдарлау: жоғары толқын төмен толқын.	Қазақ тіліне тән дыбыстарды анық айту. Үлгі сөйлемдер: «Теңіз таза.» «Қоқыс тастауға болмайды.» Математика негіздері әрекеті: «Жиын»: таза теңіз лас теңіз суреттерін топтастыру. «Тең тең емес» салыстыру. Қорытынды санау: «Барлығы қанша балық бар?»
		Тілдің грамматикалық құрылымы: Сан есімдерді 1-5 дейін ретімен атау. Жекеше-көпше түрін қолдану: теңіз теңіздер, толқын толқындар. Үлгі бойынша жай сөйлемдер құрау. Байланыстырып сөйлеу: Сурет бойынша теңіз туралы шағын әңгіме құрастыру. Көркем әдебиет әрекеті Теңіз туралы қысқа әңгіме оқу. Кітап иллюстрацияларын өз бетінше қарау, мазмұнын әңгімелеу.	Қазақ тіліне тән дыбыстарды (ұ, ү, ө) дұрыс айту. Үлгі сөйлемдер: «Мен балықты жақсы көремін.» «Дельфин суда жүреді.» Математика негіздері әрекеті: «Жиын» түсінігі: теңіз жануарларын бір жиынға топтастыру. «Үлкен-кіші» бойынша салыстыру. «Қай жануар көп?» сұрағына жауап беру.			
Серуенге дайындық		Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шафтарын тануды қалыптастыру өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту				
		Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті				

	заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру					
Серуен	Ақпан айына арналған серуен картотека жинағы қосымша жасақталған					
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес қимыл әрекеті).					
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу. Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру					
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка)					
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Біртіндеп ояту: Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. Сауықтыру жаттығулары: Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). Өзіне-өзі қызмет ету: Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). Мәдени-гигиеналық дағдылар: Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).					
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы					
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-ролдік, үстел үсті-басна және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау	Танымдық дағды (Математика негіздері) Жиын: түрлі түсті, әртүрлі көлемдегі балықтар.	Қоршаған әлеммен таныстыру әрекеті: Тақырып: «Теңіз жануарларының	Қоршаған әлеммен таныстыру әрекеті: Мұхит жер бетіндегі ең үлкен су айдыны екені. Сурет салу әрекеті: Тақырып: «Мұхит	Қоршаған әлеммен таныстыру әрекеті: Тақырып: «Теңіздегі табиғат құбылыстары» Табиғат құбылыстары туралы түсінік беру:	Қоршаған әлеммен таныстыру әрекеті: Тақырып: «Табиғатты қорғау әр адамның міндеті» Теңізді ластаудың	

және басқалары)	Сан, санау: «Барлығы қанша?» Шама: терең таяз. Кеңістікте бағдарлау: алдымда, оң жағымда. Уақыт: бүгін. Әлеуметтік дағды Бір-бірінің жауабын тыңдау. Дұрыс және қате жауапты ажырату. Қоршаған әлеммен таныстыру. Теңіз өлі табиғатқа жататын су айдыны. Су тіршілік көзі. Себеп-салдар: жел соқса толқын пайда болады. ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ДАҒДЫ Сурет салу: «Теңіз толқындары» (жуан, жіңішке сызықтар). Мүсіндеу: Ермексаз ан балық (қысу, тарту, басу). Жапсыру: Дайын балық пішіндерін қағаз бетіне жапсыру. Құрастыру: Құрылыс материалдарынан теңіз жағасын құрастыру.	тіршілігі Жануарлардың суда өмір сүретіні туралы түсінік беру. Сурет салу әрекеті: Тақырып: «Теңіз жануарлары» Әр түрлі түстерді пайдаланып балық бейнесін салу. Мүсіндеу әрекеті: Тақырып: «Сегізаяқ» Ермексазды қысу, тарту арқылы аяқтарын жасау. Жапсыру әрекеті: Тақырып: «Балдырлар» Жасыл қағазды жұрту, жапсыру. Құрастыру әрекеті: Тақырып: «Теңіз түбі» Лего немесе текшелерден теңіз түбін құрастыру.	толқындары» Көк, қою көк түстерді қолдану. Мүсіндеу әрекеті: Тақырып: «Балықтар тобы» Ұжымдық жұмыс. Жапсыру әрекеті: Тақырып: «Су» Қағазды жұрту тәсілімен жапсыру. Құрастыру әрекеті: Тақырып: «Кеме» Құрылыс материалдарынан кеме жасау.	жел, жаңбыр, дауыл. Себеп-салдарлық байланыс: «Жел соқса теңіз толқиды.» «Қатты жел болса үлкен толқын болады.» Ауа райына байланысты адамдардың әрекеті туралы әңгімелеу (жылы киіну, теңізге бармау). Табиғатты бақылауға қызығушылық ояту. Сурет салу әрекеті: Тақырып: «Дауылды теңіз» Қою көк, сұр түстерді қолдану. Жуан сызықтармен толқын салу. Мүсіндеу әрекеті: Тақырып: «Толқын» Ермексазды домалату, созу, басу тәсілдері. Жапсыру әрекеті: Тақырып: «Кеме теңізде» Кеме пішіндерін қағаз бетіне дұрыс орналастырып жапсыру. Құрастыру әрекеті: Тақырып: «Маяк» Құрылыс материалдарынан маяк құрастыру. Маяқтың кемелерге жол	салдары туралы түсінік беру: балықтар ауырады, су лас болады. Себеп-салдарлық байланыс: «Қоқыс тастасақ теңіз ластанады.» Балаларды табиғатты аялауға, қамқор болуға тәрбиелеу. Экологиялық мәдениетті қалыптастыру. Сурет салу әрекеті: Тақырып: «Менің таза теңізім» Ашық, жарық түстерді қолдану. Мүсіндеу әрекеті: Тақырып: «Теңіз жануары» Баланың таңдауы бойынша мүсіндеу. Жапсыру әрекеті: Тақырып: «Таза теңіз» Ұжымдық панно: қоқыссыз теңізді бейнелеу. Құрастыру әрекеті: Тақырып: «Теңіз жағасы» Текшелер мен табиғи материалдардан жағалау құрастыру.
-----------------	---	---	--	--	--

	көрсететінін түсіндіру.				
Балалармен жеке жұмыс	Османбек пен жұмысмен жұмыс отбасындағы үлкендерді сыйлайды, құрметтейді, кішілерге қамқорлық танытуды үйрету. (ә-5)	Алихан мен жұмысқысқа және ұзын жолақтарды киюды жетілдіру.	Айназ бен жұмысқазақ оюларының элементтерін салады, оларды қағаз бетінде дұрыс орналастыруды үйрету. (ш-4)	Санжар мен жұмысқазақ тіліне тән ө, қ, ү, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға ынталандыру.	Алихан мен жұмысқақпақтарды, өлеңдерді мәнерлеп, жатқа айтуды үйрету.
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру				
Серуен	«Аттап өт» Міндеті: Ептілікті дамыту, секіру дағдысын жетілдіру. Шарты: Жерге салынған сызықтардан немесе таяқшалардан аттап өту.	«Қояндар мен түлкі» Міндеті: Шапшаңдық, бағытты өзгерте жүгіруді дамыту. Шарты: Қояндар қашады, түлкі ұстауға тырысады.	«Аю мен аралар» Міндеті: Жүгіру, тоқтау, бағыт ауыстыру дағдыларын дамыту. Шарты: Аю белгіде қозғалады, аралар қашады.	«Қояндар мен түлкі» Міндеті: Шапшаңдық, бағытты өзгерте жүгіруді дамыту. Шарты: Қояндар қашады, түлкі ұстауға тырысады.	«Аттап өт» Міндеті: Ептілікті дамыту, секіру дағдысын жетілдіру. Шарты: Жерге салынған сызықтардан немесе таяқшалардан аттап өту.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта қиетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Кешкі ас	Кешкі ас ас алдында гигиеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сұрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу.				

	Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу. Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру
Балалардың үйге қайтуы	Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру. Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру. Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру. Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру. Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қолпастасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту) Өнегелі 15 минут